

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті Гуманитарлық пәндер
мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АҚ мәжілісінің
№ 3 хаттамасы**

Түркістан қаласы

22.11.2022 ж.

Қатысқандар: т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, т.ғ.д., профессор Х.Тұрсын, т.ғ.д., профессор М.Қожа, т.ғ.к., доцент М.Жолсейтова, т.ғ.к., профессор м.а Э.Зұлпыхарова, т.ғ.к., доцент Л.Динашева, п.ғ.к, доцент м.а. М.Рустамбекова, т.ғ.к., доцент м.а. З.Адилбекова, т.ғ.к., доцент м.а. А.Сандыбаева, т.ғ.к., доцент м.а. М.Сәулембекова, т.ғ.к., доцент м.а. Г.Жораева, т.ғ.к., доцент м.а. Н.Каттабекова, т.ғ.к., доцент м.а. А.Джумадуллаева, т.ғ.к., доцент м.а. Е.Төлегенов, PhD доцент Қ.Базарбаев, PhD М.Салғараев, PhD А.Оспанова, PhD М.Гурсой, PhD Б.Сиздиков, PhD Хазретәліқызы Райгүл, магистр-оқытушылар: А.Агайдарова, Ш.Нурманова, Е.Джандарбаев, Эрен Ақдениз, аға лаборант Э.Алтынбекова, лаборант С.Пернебай.

Күн тіртібі:

1. ББ мазмұнын жобалау
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау.

Тындалды.

АК төрағасы Л.Динашева: Бұгінгі күн тәртібінде Білім мазмұнын анықтау. Бұл мәселе төңірегінде неге үйрету, нені оқыту мақсатын анықтап алудан басталады. Білім мазмұны – ғылыми білім, іскерлік және дағдының жүйесі. Сондықтан білімнің мазмұны оқыту процесі компоненттерінің бірі болады. Білім берудің мазмұны, ең алдымен, қоғамның ЖОО-ң алдына қоятын мақсаттары және міндеттерімен анықталады. Білім берудің мазмұны – бұл қоғамның жеке адамды жан-жақты дамытуға қойылған талаптар, қоғамның әлеуметтік тәжірибе және мәдениетін өзінде бейнелейтін әлеуметтік тапсырысының моделі.

Білім беру мазмұнын анықтаушы негізгі факторларға ғылым, техника, мәдениеттің қоғамда даму дәрежесі, білім берудің мақсаты мен міндеттері жатады.

А.Сандыбаева: екінші мәселе бойынша Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалауда кәсіптік қызмет саласын зерттеу нәтижесінде бағдарламаның оқыту нәтижелерін түжірымдау, ОН оқыту деңгейімен, кәсіптік стандарттардың талаптарымен және (немесе) жұмыс берушілердің талаптарымен/үміттерімен тоғыстырылған құзыреттерге байланысты қалыптастыру, ББ мазмұнын жобалау, оқыту стратегиясын анықтау, құзыреттері мен оқыту нәтижелері мән мәтініндегі модульдер мен пәндердің тізбесін айқындау, талдау жүргізу жұмыстары маңызды.

М.Салғараев: үшінші мәселеге байланысты Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтауда білім беру стратегиясын көрсеткен дұрыс. Оқытушының өз білімгерлерінің мағыналы білім алудың қамтамасыз ету мақсатында қолданатын барлық ресурстарды жатқызуға болады. Оларды пайдалану білім беру саласындағы негізгі процестердің бірі болып табылады, сондықтан олар дәрістер өткізілетін теориялық негіздерге қарамастан қолданылады. Оқыту стратегиялары маңыздылығына байланысты білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде, мектепке дейінгі жастан бастап, университет сияқты ең озық мекемелерге дейін қолданылады. Оларды практикалық іске асыру контекстке байланысты өзгеріп отырады, бірақ олардың ұстанымдары әрқашан бірдей.

Оқыту және білім беру тәсілдері бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерімен сәйкес келуі керек. Егер, мысалы, оқыту нәтижелері шығармашылыққа, инновацияға, қындықтарды шешуге немесе кәсіпкерлікке бағытталған болса, онда оқыту мен білім беру әдістері, әдетте, дәстүрлі, дәріс оқу түріндегі сабактарға негізделмеуі тиіс. Бұл жағдайда белсенді оқыту әдістері қолданылуы керек. Бағдарламаны әзірлеуші топтардың сонымен қатар бүкіл бағдарлама үшін оқыту және білім беру стратегиясын қарастырулары қажет. Жоспарланған оқыту тәсілдерін университеттің немесе факультеттің стратегиясымен үйлестіру қажет болуы мүмкін. Ол стратегия зерттеуге негізделген оқыту, инклюзия, интернационалдандыру, көптілділік оқыту әдістемесі тәрізді тақырыптарды қамтуы мүмкін. Қазіргі уақытта көптеген халықаралық университеттер «backward design» кері жобалау әдісін қолданады. Әдісті қолданған кезде бағдарламаны әзірлеу оқытуудың мақсаттары мен соңғы нәтижелерін анықтаудан басталады. Содан кейін ғана бағалау әдістерін анықтау, бағдарламаның мазмұнын жасау және берілген мақсаттар мен білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге көмектесетін оқыту әдістеріне таңдау жүргізіледі. Студенттер нені үйренуі керек (білім мазмұны) және білім беру бағдарламасы (үрдісі) деңгейінде оқытуудың қандай түрлері қолданылатындығын стратегиялық түрғыдан ойластырган жөн.

Шешім: Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша желтоқсан айының атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

АК тәрағасы:

Л.Динашева

Хатшы:

А.Оспанова